

- 7 Камирдинова Н., Калиева Ш. (2018), “Коммуникативно - прагматический анализ дипломатических бумаг (на основе вербальных нот)”, Журнал востоковедения (КазНУ), 2(85), с. 207–214.
- 8 Сейдикенова А., Бакитов А., Абирова А. (2022), “Стратегии перевода официальных документов и юридических текстов и возникающие проблемы при процессе перевода”, Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук, 3, с. 209–215.
- 9 Schäffner, C. (2012), “Rhetorical and ideological aspects of translation in diplomacy”, in Venuti, L. (ed.), The Translation Studies Reader (3rd ed.), Routledge, London and New York, pp. 231–243.
- 10 Kang, J. (2020), Diplomatic Translation and Cross-Cultural Pragmatics, Springer, Singapore, pp. 55–72.
- 11 Yang, M. and Yan, D. (2012), “Translation strategy of diplomatic language under the theoretical framework of political equivalence”, Journal of the People’s Liberation Army Institute of Foreign Languages, vol. 3, pp. 73–77.
- 12 Venuti, L. (1995), The Translator’s Invisibility, Routledge, London and New York, pp. 19–21.
- 13 Bielsa, E. and Bassnett, S. (2009), Translation in Global News, Routledge, London and New York, pp. 66–69.
- 14 Pym, A. (2014), Exploring Translation Theories (2nd ed.), Routledge, London and New York, pp. 85–88.
- 15 Chesterman, A. (2017), The Ethics of Translation, Routledge, London and New York, pp. 112–115.

Материал поступил в редакцию журнала 02.10.2025

MFTAP 16.21.47

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp94-107](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp94-107)

Б.Ә. Көшімова¹, Ш.С. Әбішева¹, А.Х. Бекбосынова², С.Г. Канапина²

¹Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, 130000, Қазақстан Республикасы

²Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, 110000, Қазақстан Республикасы

МАҢҒЫСТАУ ТОПОНИМІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК АССОЦИАЦИЯ

Бұл мақалада Маңғыстау топонимдерінің лингвокогнитивтік негіздері жан-жақты қарастырылып, географиялық атаулардың тек кеңістік бағдар ғана емес, ұлттық сана мен дүниетанымдағы күрделі мәдени-танымдық құрылым екені дәлелденеді. Автор Маңғыстау жер-су атауларында жинақталған этномәдени, тарихи, мифтік және лингвоәлеуметтік ақпараттарға талдау жасай отырып, оларды тіл тұтынушылар санасында қалайша концепт дәрежесіне көтерілетінін сипаттайды. Зерттеу барысында топонимдердің ұлттық менталитетпен, дәстүрмен, рухани құндылықтармен және тарихи жадымен байланысы айқындалды. Маңғыстау концептісінің сан алуан мағыналық қабаттардан (жағымсыз эмоцияция, мифтік бейнелер, экономикалық ассоциациялар) тұратыны, әрі олардың біртіндеп санада орнығу үдерісі көрсетіледі. Сонымен қатар, қазіргі тілтұтынушы үшін географиялық атаулардың эмоциялық және мәдени жүктемесі бар, көпқабатты семантикалық құрылым ретінде қабылданатыны дәлелденеді. Мақалада топонимдер – ұлттың дүниетанымымен тығыз байланысты, когнитивтік тұрғыдан белсенді этномәдени бірлік ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: топоним, лингвокогнитивтік негіз, концепт, сема, әлеуметтік ассоциация, эмоциятер, этномәдени бірлік, дискурс.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Жалқы есімнің семантикасын құрылымдау немесе модельдеу мәселесі ономастикалық зерттеулер теориясы мен әдістемесінің негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл салада көптеген жұмыстар жүргізілді: атап өтсек, орыс тіл білімінде, В.А. Никонов, А.В. Суперанская, А.К. Матвеева, М.Э. Рут, Е.Л. Березович, М.В. Голомидова, И.С. Карабулатовалардың, қазақ тіл білімінде Қ. Рысберген, Б.Тілеубердиевтің еңбектерін атап өтуге болады.

«Оним семантикасын модельдеудің қызықты әрі тиімді нұсқасын М.В. Голомидова ұсынған, ол жалқы есім концептісін қалыптастыру ретінде қарастырады. Автордың тұжырымдамасы бойынша атау оны қолдану мүмкіндіктері туралы идеялардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі, бұл – осы тілде сөйлейтіндерде қалыптасқан ономастикалық белгіні пайдалануымен байланысты тілдік және экстралингвистикалық білімнің көрінісі» [1, 16]. «Жалқы есімнің жалпы теориясы» тарауларының бірінде А.В. Суперанская ассоциациялардың маңыздылығы мен рөліне жеке тарауша арнаған [2]. Мұнда автор әртүрлі ассоциацияларды, соның ішінде ономастикалық ассоциацияларды зерттеудің ерекше маңыздылығын атап көрсетеді. Ассоциативті кешеннің тиісті атауларына тән құрылымын А.В. Суперанская: «ассоциация с именуемым объектом + комплекс различных сведений об объекте + комплекс эмоций, вызванных этим объектом у говорящего», – деп атап көрсетеді [2, 285].

В.А. Никонов топоним мағынасының үш түрлі деңгейін атап көрсетеді: «1) топонимнің негізін қалаған сөздің этимологиялық және апеллативтік мағынасы; 2) тікелей географиялық мағынасы, яғни топонимнің сөйлеу барысында қолданылу ерекшелігі; 3) посттопонимдік мағына – адамның нысанмен танысуы нәтижесінде атауға байланысты қалыптасқан ассоциациялар» [3, 57].

Осылайша, ассоциациялар топонимдік семантика құрылымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады деген қорытындыға келеміз. Ассоциативті әдіс – географиялық атаулардың семантикалық мазмұнын ашу мен жүйелеудің тиімді әрі жаңашыл тәсілдерінің бірі. Бұл әдіс топонимикалық материалды зерттеуде ана тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасындағы жалқы есімдерді қабылдау эволюциясын бақылауға мүмкіндік береді. Топонимдерде тіл мен мәдениет тығыз байланысты. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәдени коннотация негізінде жүзеге асады. Бұл коннотация топонимнің ассоциативті және бейнелі негізін мәдени және ұлттық стандарттармен немесе стереотиптермен сәйкестендіру арқылы пайда болады [4,15].

Сонымен қатар, жалқы есімнің семантикалық құрылымын модельдеу тек лингвистикалық факторлармен шектелмейді, ол тіл иесінің когнитивтік және этномәдени санасымен де тығыз байланысты. Бұл тұрғыда жалқы есімнің мазмұны – тек тілдік белгі ғана емес, сонымен қатар мәдени, тарихи және әлеуметтік ақпараттың шоғырланған көрінісі болып табылады. Яғни, жалқы есім – тіл мен таным тоғысқан тұста пайда болған күрделі құрылым.

Ассоциативтік әдіс осы танымдық және мәдени құрамдас бөліктерді ашуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы тіл иелерінің жалқы есімдерге байланысты жеке және ұжымдық қабылдауын, олармен байланысты туындайтын образдар мен эмоцияларды жүйелеуге болады. Осылайша, ономастикалық бірліктерді зерттеуде ассоциативтік талдау, тек семантикалық мәнді ашу ғана емес, сонымен қатар белгілі бір тарихи, әлеуметтік және этникалық қауымдастықтардың дүниетанымдық ерекшеліктерін де көрсетеді.

Мұндай тәсіл тек жеке жалқы есімдерге қатысты емес, сонымен қатар белгілі бір өңірге тән топонимдік жүйелерді сипаттауда да тиімді. Мысалы, Қазақстан аймақтарындағы атауларды зерттегенде, ономастикалық жүйеде этнотілдік ерекшеліктер, тарихи жағдайлар мен табиғи географиялық факторлар көрініс табатыны байқалады. Ассоциативтік өріс

арқылы топонимнің тарихи-мәдени сипатын қалпына келтіріп, қазіргі тілдік сананың қабылдау ерекшеліктерін де анықтауға болады.

Сондай-ақ ономастика саласындағы модельдеудің заманауи бағыттары компьютерлік лингвистика мен корпус лингвистикасының мүмкіндіктерін де пайдаланады. Жалқы есімдердің семантикалық құрылымын модельдеу кезінде тілдік деректерді статистикалық және семиотикалық талдау арқылы кешенді зерттеу әдістері қолданылуда. Бұл – жалқы есімдерді автоматты түрде тану, оларды картографиялау, тарихи-мәдени кеңістіктегі өзгерістерін бақылау секілді жаңа ғылыми міндеттерді шешуге жол ашады.

Қорытындылай келе, жалқы есімдердің семантикасын құрылымдау мен модельдеуде ассоциативтік әдіс, когнитивтік тәсіл және мәдениетаралық талдау секілді пәнаралық бағыттардың тоғысуы – ономастика ғылымының заманауи парадигмасын айқындайтын басты бағдарлардың бірі болып отыр. Мұндай кешенді көзқарас ономастикалық зерттеулердің танымдық әлеуетін арттырып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

КІРІСПЕ

Жалпы топонимдерде тілдің мәдени құндылықтары мен қоғамның дүниетанымын білдіру тәсілі және халықтың тарихынан хабар беретін өзгерістердің жиынтығы жатады. Н.Уәли: «Ономастикалық атаулардың табиғатын когнитивтік құрылым тұрғысынан зерттеудің қажеттілігі, мүмкіндігі еш күмән туғызбаса керек, біріншіден, топоним, антропоним, гидроним, космонимдік т.б. атаулар ақиқат дүниенің үзігін бейнелейтін тілдік картиналарға жатады; екіншіден, ономастикалық атаулар тілдік ұжымның, тілдік тұлғаның когнитивтік санасында белгілі бір білімдер жүйесі, аялық білім түрінде өмір сүреді. Ономастикалық атаулар, оның ішінде жер-су атаулары кездейсоқ түзілім емес, ол тілдік санадағы ақиқат дүниені, мәдени-тілдік қоғамдастықтың тарихи иесін бейнелейтін жүйе» [5] – деген пікір айтады.

Маңғыстау топонимі қазақтың ұлттық лингвомәдени концептісі болып табылады. Себебі «Топонимдер жай ғана географиялық атаулар емес, олардың құрамында географиялық және тілдік мағлұматтармен қатар тарихи дәуірлердің айғағы көрініс береді. Жер-су атаулары, олардың өзіндік ерекшеліктері сол жерде тұратын халықтың мәдениеті мен өмір салтына тікелей байланысты» [6, 16]. Мәселені негіздеу қазақ топонимдерінің концептуалдану мүмкіндіктерін көрсетеді. Ең алдымен ол ҚАЗАҚСТАН, Қазақ даласы деген макроконцептінің ажырамас бір бөлігі болуы тиіс. Ал ҚАЗАҚСТАН деген макроконцептінің болуын дәлелдеген әлі ғылыми зерттеулер бола қоймаса да, жуық арада болуы, болғанда да біреу емес, бірнеше болуына сеніміміз нығая отырып, әрі ҚАЗАҚСТАН концептісін құрайтын кіші концептілердің зерттеле бастағанын көріп, біз МАҢҒЫСТАУ-ды ҚАЗАҚСТАН концептісінің бір компоненті ретінде аламыз. Және мұндай топонимдердің индивидуалданған семантикасынан барып, объективтенген, кейін қайыра индивидуалданған, «туған жер» мен «туғал ел» деген саналы индивидтің ең жақын эмоциясымен ажырамас байланыстағы «концептілік бірліктер» қазақ ұлтының санасындағы негізгі концептілер болып табылатынына көзіміз жетіп отыр. Өйткені жер-су атауы ұлттың ментальділігімен тіке бірлікте. Сонда бір жағынан Маңғыстау қазақ ұлтының ментальділігін көрсететін концептіге айналғанын да дәлелдеуге тиіспіз. Ол үшін керісінше әдіс қолданамыз: Маңғыстауды менің, болмаса мен сияқты жеке субъектілердің кіндік қаны тамған жері деп жекешелендіріп емес, оны объективтендіреміз. Объективтендірудің бір жолы өзіміз өмір сүрген дәуірге дейін, кезеңге дейінгі шығармашылықта осы жер атауы қалай бейнеленді, қалай танылды, қандай сезімнің таңбасы болды, соған назар аудару. Яғни, Қ.Рысбергген атап көрсеткен лингвоәлеуметтік ақпаратты іздеу, тану. «Лингвоәлеуметтік ақпарат – нақты бір атау туралы қоғамдағы қазіргі кезеңдегі халық, әлеуметтік топтар арасындағы түрлі деректер, ассоциациялар, яғни шартты түрде тарихи болып үлгірмеген немесе тарихилануға бейім атауларға қатысты ақпараттар, мысалы, Арал (Арал тағдыры), Семей (Семей полигонының

қасіреті), Байқоңыр (ғарышқа жол), Астана – тәуелсіз Қазақстанның елордасы, ҚР жетістігінің символы т.б.» [7, 30].

Бүгінгі таңда тіл біліміндегі антропоэлектік бағыт пен когнитивтік лингвистика шеңберінде топонимдерге қатысты зерттеулердің аясы кеңейіп келеді. Бұл зерттеулердің басты мақсаты – тек атаулардың тілдік табиғатын тану емес, сол атаулар арқылы ұлттық мәдениеттің ішкі құрылымдарын, тарихи жады мен танымдық кодтарын ашу. Себебі әрбір топоним – белгілі бір халықтың өмір сүру ортасын, шаруашылығын, дүниетанымын, тарихи-мәдени тәжірибесін, тіпті эмоциялық қарым-қатынасын бейнелейтін күрделі семантикалық құрылым. Осы орайда Маңғыстау атауының концепт дәрежесіне көтерілуі – оның тек географиялық нүкте емес, сонымен қатар ұлттық санада мағынасы бар, өз алдына мәдени бейне ретінде орныққанын көрсетеді.

Бүгінгі күннің қоғамдық-саяси ахуалында, әсіресе ақпараттық кеңістіктің ықпалы артқан кезеңде, белгілі бір топонимге қатысты қоғамдық пікір мен ұжымдық түсініктердің қалайша қалыптасатынын зерделеу маңызды. Маңғыстау атауы да дәл осы тұрғыда қазіргі медиамәтіндерде, тұрмыстық сөйлеу тілі мен қоғамдық дискурста түрлі мағына қабаттарын жинақтаған концептілік бірлік ретінде назар аударады. Бұл атауға жүктелген семалар қоғамның әртүрлі деңгейіндегі қабылдау ерекшелігінен хабар береді. Атап айтқанда, тарихи-рухани мағынадан алыстап, көбіне материалдық немесе стереотиптік қабылдау жиі кездеседі. Сондықтан осындай концептіні қалыптастыруда лингвоәлеуметтік факторлармен қатар, ұлттық жады мен ұрпақтан-ұрпаққа берілетін тілдік-мәдени кодтардың рөлін назардан тыс қалдырмау керек.

Бірақ оғанға дейін біз осы күнгі қоғамдық сананың өкілі болғандықтан, бүгінгі күннің білім қорымен қоректеніп отырғандықтан, қазіргі Қазақстан жағдайындағы коммуникативтік тұлғалардың «үстіңгі санасында» Маңғыстау деген атау, сөз қандай ассоциациялар тудырады екен, қандай түсініктерді алдыңғы орынға шығарады екен деген мәселеге қызығушылық таныттық. Өйткені тілді қолданушылардың бәрі бір деңгейде емес, бәрі тілдің астыңғы қатпарларын тани бермейді, үстіңгі құрылымдармен сөйлейді, үстіңгі құрылымдағы дайын тұрған, алға шыққан түсініктерімен түсінеді. Бәрі бірдей интеллектуалды сананың өкілі емес: «көркем шығармалар тудырған бейнелер жаппай жұртшылыққа өз бағанасында әсер ете бермейді. Сондықтан жалпы төменгі, орта, жоғары деңгейдегі тілтұтынушылар санасында әлеуметтік, экономикалық, тұрмыстық, саяси жағдайына байланысты экстралингвистикалық сипаттағы қарабайыр ұғым-түсініктер болады» [8, 10]. Ол ұғым-түсініктер өз деңгейіндегі сөйлеу тілінде коммуниканттардың тез түсінісуіне көмектеседі. Осы сөйлеу тілінің өзінде үстіңгі құрылымға шыққан түсініктер бара-бара күрделі түсініктерге ұмтыла бастайды. Сана күрделілікке, жаңалыққа құштарланады. Мысалы, мына бір диалогті тыңдайық:

- Қай жақтансың, балам?
- Адаймын.
- А-а-а, Маңғыстауданмын де...., қалай икра-микро (қара уылдырық) әлі көп пе?

Диалогте алдыңғы коммуникант баланың туған, осыған дейін өмір сүрген жерін сұрады. Ал бала руын айтты. Екінші коммуникант үшін Маңғыстау мен адай деген түсінік синкретті сипат алып кеткен, тіпті бала үшін Маңғыстау емес, «адай елі» деген сөздің мағынасы құндырақ. Екінші коммуникант та адайлардың Маңғыстау жерінде тұратынын біліп, бірден Маңғыстау деген сөзден қара уылдырықты ассоциациялап шығарып алады. Және икра-микро деп әдейі қосынушылық, әдейі бағаламаушылық экспрессиясын көрсетеді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Тіл – қыр-сыры мол, ішкі құрылымы күрделі, үздіксіз дамып отыратын қоғамдық-әлеуметтік құбылыс. Топонимдер – сол тілдің маңызды қабаттарының бірі, олар уақыт өте келе жаңарып, толықтырылып, әр кезеңнің мәдени-әлеуметтік, тарихи және идеологиялық өзгерістеріне бейімделіп, қоғам сұранысына қызмет етіп келеді. Жер-су атаулары – ұлт

жадындағы тарихи оқиғалардың, дүниетанымдық түсініктердің, географиялық танымдардың, саяси-әлеуметтік шындықтардың тоғысқан көрінісі. Олар – өткен мен бүгінді байланыстыратын әрі болашақ ұрпақтың да танымына әсер ететін маңызды мәдени кодтардың бірі болып табылады [9, 25].

Топонимияда әрбір этностың дүниетанымы, өмір сүру салты, наным-сенімі, әлеуметтік құрылымы мен тарихи тәжірибесі сақталған. Сондықтан да топонимдер тек тілдік бірлік емес, сонымен қатар халықтың мәдениетіне, рухани мұрасына, этнолингвистикалық ерекшеліктеріне қатысты күрделі мағыналық құрылым ретінде қарастырылады. Зерттеушілер топонимдік атауларды тіл білімінің түрлі салаларында – лексикология, семантика, когнитивтік лингвистика, социоллингвистика, этнолингвистика аясында зерттеуде. Әсіресе, топонимдерде халықтың ассоциативтік ойлауы мен дүниені қабылдау ерекшеліктері, қоғамда болып жатқан тарихи-мәдени өзгерістердің әсері көрініс табады.

Зерттеу жұмысында Маңғыстау өңіріндегі топонимдер арқылы берілетін лингвоәлеуметтік ақпараттар жан-жақты талданды. Бұл топонимдердің концептуалдану үдерісінде «туған жер», «атамекен», «киелі мекен» сынды ұлттық-мәдени эмотивтердің және сөйлеу тілінде жиі қолданылатын лингвоәлеуметтік тіркестердің ерекше рөл атқаратыны анықталды. Мақаланың ғылыми жаңалығы – «Маңғыстау» концептісінің тек тарихи кеңістікте ғана емес, бүгінгі прагматикалық және ментальді кеңістікте де белсенді қызмет етуі, оның ұлттық концептосферадағы мағыналық тармаққа айналу ерекшелігін анықтауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері қазіргі таңда топонимдердің тек бағыт-бағдар көрсетуші таңбалық қызметімен шектелмей, ұлттық, танымдық сипаттарымен қоғамдық-саяси маңызы бар тілдік бірлік ретінде алдыңғы қатарға шыққанын дәлелдейді. «Бүгінде топонимдер еліміздің тыныс-тіршілігіне қажетті бағыт-бағдар беретін таңбалық қызметінен басқа үлкен қоғамдық-саяси маңызға ие болып, ұлттық, танымдық сипаттарымен алдыңғы орынға шықты. Өйткені жер-су аттары адамзат қоғамында ғана пайда болып, өмір сүріп, қызмет ететіндіктен, сол қоғамда болып жататын өзгерістерден тыс қала алмайды. Уақыт өте бұл өзгерістер тарихқа айналады» [10, 87].

Зерттеу барысында жер-су атауларының лингвоәлеуметтік ақпаратын, оның ішінде халықтың тарихи-мәдени жадымен, әлеуметтік қабылдаумен, этникалық ассоциациялармен сабақтас семантикалық мазмұнын ашу мақсатында когнитивтік және ассоциативтік әдістер қолданылды. Бұл тәсілдер зерттеліп отырған топонимдердің халық санасындағы орны мен уәжін анықтауға мүмкіндік берді. Аталған әдіснама бойынша Есенов университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасында оқитын маңғыстаулық студенттер арасында арнайы эксперимент жүргізілді. Экспериментте студенттердің туған өлке топонимдеріне қатысты қабылдау ерекшеліктері мен мағыналық ассоциациялары сұралды. Сонымен қатар, Алматы қаласында тұратын әртүрлі сала қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу әдісі қолданылып, олардың Маңғыстау топонимдеріне қатысты пікірлері мен танымдық деңгейлері салыстырмалы түрде талданды. Бұл әдістердің үйлесімі арқылы Маңғыстау топонимдерінің ұлттық санамен байланысы, аймақтық ерекшелігі және прагматикалық сипаты жан-жақты ашылып көрсетілді.

НӘТИЖЕЛЕР

Публицистикалық дискурстарда негізінен МАҢҒЫСТАУ атауына байланысты екі түрлі эмотивті кездестірдік, олар бірінші, мақтаныш сезімінен шыққан жағымды, көтеріңкі, әсіремақтау сезімдері болса, екіншісі МАҢҒЫСТАУ атауына қосыла ассоциацияланатын қорашыну, қор көру, көзтүрткі болу сезімдерімен байланысты екен.

I. Мақтаныш эмотивтері:

- «киелі өңір»;
- «ғаламаттар өлкесі»;
- «қазыналы түбек»;
- «қасиетті Маңғыстау»;

«қызығы мол өлке» (Ресей білімпаздары.;
«аспан асты музей»;
«мұнайлы Маңғыстау»;
«қазынаға толы алып қорық»
«[тарихы қалың, тамыры терең, айтар әңгіме, шертер сыры көп қасиетті] құт мекен»;
«[ата-бабаларымыздың ат-тұяғының ізі қалған, дуалы сөзі қалған, асыл қасиеті дарыған
құнарлы топырақты] құтты мекен»;
«түлеген түбек»;
«Маңғыстауым – мерейім»;
«дәулетіміз де, сәулетіміз де мұнайда»;
«кіл тектілер жатқан маң»;
«пір Бекеттен дұға дарыған ел»;
«ұлдары тентек [ер салынбаған асаудай] ел»;
«бақытсыз келіп бақ тапқан ел»;
«кең[дігі сонша сауғалап келген қашқынға Қайдан келдің, не қылып жүрсің демеген,
таңырқаймын деп, таңданам деп талайдың, суырылып көзі, таңдайы түскен жұлынып] ел»;
«құт дарыған өлке»;
«ғашықтар мекені»;
«мақтанышым»;
«жер кіндігі»;
«жасампаздық рухы күшті ел»;
«[ұлан ғайыр қасиетке толы бір қиыр, әлемнің күллі асылындай жарқыраған] құдіретті
қоныс»;
«аяулы түбек»;
«атам-Адай, пірім-Бекет»;
[ұшы-қиырсыз шөлейт дала, толқындары толассыз жағаға ұрған Каспий теңізі, күнмен
шағылысқан көне мешіт күмбездер] балбал тастар»;
«көненің көзі де, бүгінгінің өзі де бар өлке»;
«дүние жүзіне белгілі аймақ»;
«көкке көтерілген күмбездер, әшекейлі мешіттер, көздің жауын алатын өрнекті
құлпытастар, оюлы қойтастар мекені»;
«[өзіне ғана емес күллі Қазақстанның, мемлекеттің өсіп өркендеуіне] сүбелі [үлес
қосып келе жатқан] өңір»;
«кәрі Маңғыстау»;
«төлқұжатты Маңғыстау».

Бұл баған сөз тіркестерінің жиі қайталануынан бастап, бір рет кездескеніне қарай орналастырылды, яғни алғашқы тіркестер БАҚ-та ең жиі қолданылған бірліктер екенін көруге болады. Байқап отырғанымыздай, жергілікті аудитория үшін өңірдің киелілігі алдыңғы орында, жер жағдайының ерекшелігі – ғаламаттығы да сол жер тұрғындары үшін ашылмаған құпия, ал қазыналылық, мұнай қорының көптігі, бір қызығы, өңір коммуниканттары үшін рухани құндылықтардан жоғары емес.

III. Қорлану эмотативтері:

«машақаттар өлкесі»;
«өз қандастары тарапынан сөз түрткі көруге мәжбүр ел»;
«жұмысшы табы қалыптаспаған ел»;
«арда аймақ»;
«көзапара алалаушылық саясатының құрбандығына айналған жер»;
«бұйығы түбек»;
«шет аймақ»;
«өгей түбек»;
«жетім өлке»;
«өгей өлке»;

«жабайы өлке»;
«тағы өлке»;
«мешеу өлке»
«көрінгенге көз түрткі болған жер».

Бұл тіркестерде өз бағасын жеткілікті дәрежеде ала алмай келе жатқан өңір дауысының риза болмау, қорашсыну, іштей тыну реңктері бар. Немесе мекен тұрғындарының ӨЗ-і туралы бағаларының ерекше көтеріңкі екенін білдіретін реңк бар.

Біз енді осы мәтіндер әсер еткен, Ақтау қаласының болашақ зиялы қауым өкілдері – студент жастарының тілдік санасында қандай ассоциациялар қалыптасқан екен, соған назар аудардық.

Есенов университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасында оқитын маңғыстаулық 20 студентке жүргізілген эксперимент қорытындысы:

Қазыналы түбек 17
Мұнайдың астанасы 17
Мұнайлы алқап 15
Апатты аймақ 15
Әсем өлке 15
Шөл 15
Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен жер 14
Толық зерттелмеген 14
Дәстүрге бай құтты мекен 12
Шет қалған аймақ 12
Шаңды қиян 12
Шежіреге толы аймақ 8
Табиғаты ерекше 7
Қонақжай 7
тал бесік 7
маңғаз дала 4
түлеген түбек 4
аруана мекен 4
кұрсағы құтты 4
мазмұнға толы кітап 2
қойнауы бай өлке 1
теңдесі жоқ сұлу өлке 2
жер кіндігі 2
беті ашық оқулық 1

Бір айтатыны, жергілікті студенттер жер қойнауының байлығы мен сол байлықтан шығып отырған жер апатын қатар қойған, Бұл – қоғамның саналы азаматтары қалыптасып келе жатқанының белгісі. Сондай-ақ өңір табиғатының әсемдігі мен шөл далалығы да бірдей пайыздық көрсеткішті көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі Ақтау қаласы, Маңғыстау өңірін туған жерім деп санайтын тілдік тұлғалардың санасында МАҢҒЫСТАУ концептісінің экономикалық артықшылық компоненті, өңір табиғатының контрастылық сипаты: әрі сусыз, шөлді жер, әрі ерекше әсемдігі көрініс тапқан.

Тілдік санадағы концепт қалыптасуы көбінесе таза рационалды емес, эмоционалды-экспрессивті факторлармен тығыз байланысты. Тіпті академик В.А.Маслова атап көрсеткендей, «эмоция концептінің танымдық өзегіне серпін береді, сол арқылы ұлттық бейне қалыптасады» [11, 35]. Маңғыстау концептісі де дәл осы эмоциялық бейнелеу арқылы санада орнығып, ұжымдық жадыда ұзақ сақталып келе жатқан бірлікке айналды. Киелілік, мақтаныш, тектілік, тарихи қасірет секілді эмоциялық мазмұндар концептінің мәнін байытып, оны тек таным нысаны ғана емес, рухани-мәдени құндылық ретінде де орнықтырады.

Мәселен, «пір Бекеттен дұға дарыған ел», «жетім өлке», «қара алтынға толы құтты мекен» сынды тіркестер – тек тілдік құрал ғана емес, ұлттық эмоция мен мәдени жадтың көрінісі. Осы сезімдік коды бар тіркестер концептінің ядросын анықтап қана қоймай, оны ұрпақтан-ұрпаққа берілетін символдық белгілерге айналдырады.

Демек, Маңғыстау концептісі – лексикалық немесе тарихи сипаттан гөрі кеңірек: ол – ментальді кеңістік, эмоциялық тұрақ, рухани ереже. Мұндай концептілер – ұлттық идеология мен тарихи жадының тірегі бола алатын лингвомәдени феномендер.

Сөйтіп, орта деңгейдегі тілдік тұлғалардың санасындағы (сауалнама жүргізген студенттер мен БАҚ мақалаларындағы қоғамдық санада) МАҢҒЫСТАУ концептісіне мынадай концептуалды талдау жасап көрдік:

I. Маңғыстау атауының жалпы категориалды семантикасы: Маңғыстау – Каспий мен Арал, Жем мен Бегашы аралығын алып жатқан, Қазақстанның батысындағы облыс, жер атауы.

II. Индивидуалданған семантикасы: адай, қазыналы түбек, 362 әулие мекен еткен жер, мұнайлы өлке, «киелі өңір»; «ғаламаттар өлкесі»; «қазыналы түбек; қасиетті Маңғыстау»; «мұнайлы Маңғыстау»; «түлеген түбек»; «Маңғыстауым – мерейім; дәулетіміз де, сәулетіміз де мұнайда», «құт дарыған өлке»;

III. Атаудың прагматикалық зонасы:

а) э м о т а т и в т і к о м п о н е н т: қасиетті жер, киелі өлке, аяулы түбек, «мақтанышым»; «жер кіндігі»; «[ұлан ғайыр қасиетке толы бір қиыр, әлемнің күллі асылындай жарқыраған] құдіретті қоныс»; «кең[дігі сонша сауғалап келген қашқынға Қайдан келдің, не қылып жүрсің деген, таңырқаймын деп, таңданам деп талайдың, суырылып көзі, таңдайы түскен жұлынып] ел»;

ә) ф р е й м д і к о м п о н е н т: «аспан асты музей, жеті жұрт мекен еткен жер, «бақытсыз келіп бақ тапқан ел»;

IV Өріс проекциялары:

А н т о н и м ретінде мұнайлы – тақыр - қазыналы, қиыр - аспан асты музей, «қызығы мол өлке» - «кәрі Маңғыстау»; «дүние жүзіне белгілі аймақ» - қиыр, Тентек, «ұлдары тентек [ер салынбаған асаудай] ел»; сотқар - қорқу дегенді білмейтін, ез – батыр.

С и н о н и м қасиетті, киелі, құтты, құдіретті

К о н в е р с и я

мекен еткен – тығылған

басып алған – берілген

Алыс жер – түсінбейтін, жабайы

«кіл тектілер жатқан;

«пір Бекеттен дұға дарыған.

«қазынаға толы

[тарихы қалың, тамыры терең, айтар әңгіме, шертер сыры көп қасиетті ата-бабаларымыздың ат-тұяғының ізі қалған, дуалы сөзі қалған, асыл қасиеті дарыған құнарлы топырақты].

Осы нәтижелерге сүйене отырып, Маңғыстау концептісінің ұлттық санадағы орны мен құрылымын ғылыми-теориялық тұрғыдан сипаттау қажеттігі туындайды. Төменде осы концептінің тілдік санада орнығу ерекшеліктері мен құрылымдық модельдері сараланады: Қазақ ономастикасындағы концепт түсінігі тек тілдік-мәдени бірлік ретінде емес, сонымен қатар ұлттық болмысты айшықтайтын когнитивтік механизм ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан келгенде, «Маңғыстау» атауы – тек географиялық нысан емес, ол ұлттық жады мен ұжымдық сананың символына айналған концептілік бірлік. Осы концептінің күрделі құрылымы бірнеше қабаттан тұрады: когнитивтік ядро (перцептивтік образ), символдық мән, әлеуметтік-прагматикалық реңктер және эмоционалды-экспрессивтік қабаттар.

Маңғыстау – халықтың рухани-мәдени кеңістігінде терең орныққан, мифтік-танымдық қабаты бар концепт. Онда тарихи жады мен ұрпақ сабақтастығы сақталып қана қоймай, қазақтың өзін-өзі тануы мен тұтастығы бейнеленеді.

Маңғыстау концептісінің басты ерекшелігі – оның диахронды құрылымында. Яғни, бұл атау ежелден бастап тілдік санада түрлі деңгейде танылып, түрлі реңктер мен ассоциациялар жинақтаған. Бір жағынан бұл «қазыналы түбек», «киелі мекен» секілді жағымды, жоғары эмоционалды бірліктермен көрініс тапса, екінші жағынан – «шет қалған өлке», «жетім аймақ» секілді маргиналдық дискурстармен де сабақтасып жатыр. Бұл қарама-қайшылық оның семантикалық өрісін кеңейтіп, концептілік әлеуетін арттыра түседі.

Маңғыстау концептісінің ерекше бір қыры – оның тарихи жадымен сабақтастығында. Бұл туралы белгілі лингвомәдениеттанушы Е.Жанпейісов: «Қазақ халқының дүниетанымында жер атауы – тек кеңістік емес, ол ұлттың рухани тірегі, тарихи жадысының белгісі» – деп көрсетеді [12, 57]. Маңғыстау өңірі – Бекет ата, Шопан ата, Қараман ата сияқты әулиелермен сабақтас киелі кеңістік. Осы киелілік ұғымы тілдік санада эмоционалдық таңба ретінде сақталып, түрлі поэтикалық формада қайта өңделеді: «пір Бекеттен дұға дарыған ел», «ата-бабалар ізі қалған құт мекен» деген тіркестер – осының дәлелі.

Лингвистикалық концептологияда мұндай эмоционалдық және тарихи-мәдени қабаттар концептілік ядроны күшейтіп, оны тұрақты ұжымдық кодқа айналдырады. В.И. Карасик бұл құбылысты «мәдени кодталған концепт» деп атайды және «ондай концепт ұлт санасында мифтік деңгейде орнығады» деп жазады [13, 111].

Қазіргі кезде Маңғыстау концептісі тек өткенмен емес, бүгінгі прагматикалық кеңістікте де қызмет етіп отыр. Оның тілдік бейнесінде экономикалық, саяси және әлеуметтік факторлармен тығыз байланысқан прагматикалық мағына қалыптасқан. Мұны зерттеу барысында байқалған «мұнайлы өлке», «қара уылдырық», «байлыққа толы мекен» деген ассоциациялар растайды. Бұл ұғымдар тілтұтынушылардың күнделікті тәжірибесінен туындап, концептілік жүйеде мағыналық тармаққа айналады.

Алайда, материалдық байлыққа негізделген ассоциациялар концептінің рухани-мәдени әлеуетін толық сипаттай алмайды. Сол себепті қазіргі тілдік санада концептілік бейнені қалыптастыруда рухани мазмұн – тарих, салт, киелілік ұғымдары ерекше орын алады. Қазақ тіл білімінде бұл құбылысты «концептілік құндылық» деп атайды.

ТАЛҚЫЛАУ

«Топонимдер кез келген мәдени топтың лексиконының бір бөлігі болғандықтан, олар осы мәдениетті қалыптастырған және пайдаланатын халықтың шынайы мәдениеті туралы маңызды ақпарат береді. Көптеген зерттеушілер тіл – мәдениеттің негізі әрі басты құралы, сондай-ақ білім, құндылықтар, сенімдер мен идеяларды жеткізудің негізгі тәсілі деп санайды. Географиялық атаулар – мәдениеттің ажырамас бөлігі, себебі олар әртүрлі адам қауымдарының ауызша дәстүрлерінен туындап, ұрпақтан ұрпаққа белгілі бір өзгерістермен беріліп келеді» [14, 201].

Осы ғылыми ұстанымды басшылыққа ала отырып, біз Алматы қаласы қызметкерлерінің арасында «Маңғыстау деген жер аты сізге қандай түсінік тудырады?» деген сауалнама жүргіздік. Нәтижесінде, Маңғыстау атауы қазіргі таңда, ол жерді тікелей мекендемейтін, Қазақстанның әр өңірінен жиналған тілтұтынушылар санасында, ең алдымен, мынадай ассоциациялармен байланысатыны анықталды: «адай», «қара уылдырық», «мұнай». Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 98 пайызы осы ассоциацияларды атады. Сонымен қатар, жиі қайталанған ұғымдар қатарында мыналар болды:

«қызыл балық»,
«қымбатшылық»,
«ақша»,
«ақшалы қазақ»,
«санаторийлерде толып жүретін ел»,
«байлық»,
«әулиелі жер».

Бұл деректерден аңғаратынымыз – респонденттердің ойында өңірдің материалдық-экономикалық артықшылықтары (мұнай, байлық, қымбатшылық) алдыңғы орынға шыққан. Ал рухани-мәдени компоненттер – дәстүр, тарихи сана, интеллектуалды мұра сияқты құндылықтар бұл тізімде мүлде жоқ немесе өте әлсіз көрініс тапқан. Демек, қазақ тілін коммуникативтік деңгейде меңгерген, бірақ сол өңірдің өкілі емес тілтұтынушылар үшін Маңғыстау көбінесе сыртқы, беткі сипаттармен бағаланады.

Бұл жағдай топонимдік концептіні тануда оның негізгі көзі тек сырттай әсер емес, ішкі – өңірлік сана, жергілікті тілдік тәжірибе екенін көрсетеді. Яғни, жер-су атауларынан туындайтын концепттер алдымен сол топырақта дүниеге келген, туған жеріне деген ерекше патриоттық сезімі бар, тіл арқылы өз өңірін бағалап, асқақтата алатын жергілікті тілтұтынушылардың сөйлеу тілінен қалыптасады.

Материалдық құндылықтар да рухани қабатпен байланыспаса, ол терең концептіге айнала алмайды. Интеллектуалды деңгейде бағалануы үшін кез келген ұғым рухани-мәдени тамырмен нәрленуі тиіс. Осы ретте біз Алматы қаласы тұрғындарынан алынған деректерге сүйене отырып, Маңғыстау концептісінің ұлттық санада толыққанды орнығуына, ең алдымен, сол жердің өз тұрғындары мен республика көлемінде танылған мықты тілдік тұлғалары айрықша үлес қосады деген тұжырым жасадық.

Өйткені концепт – сырттан телінетін дайын бейне емес. Ол алдымен тілтұтынушылардың күнделікті сөйлеу тәжірибесінен бастау алады. «Концепт ең алдымен сол тілді тұтынатын жалпы коммуниканттардың сөйлеу тілінен туады» деген пікір осыны дәлелдейді. Бұл жерде «жалпы коммуникант» ұғымының мәні терең: ұлттық тілде қалыптасқан концепт сол тілді тұтынушылардың барлығына ортақ кемінде екі-үш ассоциация арқылы санада орнығуы тиіс. Бұл бастапқы қарапайым ұқсастықтар уақыт өте келе әртүрлі контекстерде мағына кеңейтуге ұшырап, концептілік дәрежеге жетеді [15, 59].

Әрине, мұндай түсініктер статикалық емес, үнемі өзгеріп, дамып отырады. Олар сөздің семантикалық дамуы тәрізді мағыналық жылжуға, реңк алу мен күрделенуге ұшырайды. Осылайша, бастапқы қарапайым ассоциация біртіндеп ерекше экспрессияға ие ұғымға, кейін шығармашылық ойлаудың, метафоралық бейнелеудің арқасында ұлттық санадағы тұрақты концепт ретінде орнығады.

Осы зерттеу аясында біз МАҢҒЫСТАУ концептісінің қалыптасуына әсер ететін сөйлеу тіліндегі лексикалық бірліктерді жүйелеуге тырыстық. Бұл мақсатта өңірлік ақпарат құралы ретінде Ақтау қаласынан күн сайын жарық көретін «Маңғыстау» газетінің тілдік материалы – мақалалар, сұхбаттар, айдарлар мен тілдік қолданыстар – зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Өйткені баспасөз – бұқара халықтың санасына ықпал ететін пәрменді құрал, ал ондағы тілдік элементтер – өңірлік концептілердің басты қайнар көзі.

Сонымен қатар, концептінің қалыптасуына ықпал ететін тағы бір маңызды фактор – фольклорлық және тарихи-мәдени дискурс. Маңғыстау аймағы ежелден рухани мұраға бай өңір ретінде танылған. Бұл өлкенің киелі атаулары мен аңызға айналған мекендері – Отпан тау, Шерқала, Бекет ата, Қараман ата, Шопан ата сияқты нысандар тек географиялық атау ғана емес, сонымен қатар халық жадында мифологиялық-танымдық бейнелер ретінде де орныққан. Осындай сакралды орындар мен тарихи тұлғалар туралы ауыз әдебиетінде, жыраулар поэзиясында, шежірелерде жинақталған мәліметтер жергілікті тұрғындар тіліндегі ассоциациялық өрістің негізіне айналып, концептінің тереңдеуіне қызмет етеді.

Алайда, сырттан келетін, өңірден алшақ тілтұтынушылар бұл рухани-мәдени кодтарды жете танымайтындықтан, олардың ассоциациялық базасы көбінесе материалдық факторларға сүйенеді. Демек, концептінің кең көлемде әрі ұлттық деңгейде қабылдануы үшін оны қалыптастыруға тек жергілікті тілдік тәжірибе емес, мәдени ақпараттың да көпшілікке қолжетімді болуы маңызды. Осы тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе өңірлік баспасөздің, әлеуметтік желілер мен көркем әдебиеттің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану – концептінің мазмұнын тереңдетудің, оның рухани тұғырын нығайтудың тиімді жолы болмақ.

Сондай-ақ, Маңғыстау концептісінің болашақта одан әрі дамуы мен өрістеуі үшін мектеп бағдарламаларынан бастап жоғары білім мен ғылыми зерттеулер аясында да жүйелі

түрде зерделеніп, мәдени код ретінде ұсынылуы – елдік сананы байытудың, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды қадамы болары сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижелері мен талдаулар көрсеткендей, топонимдер – тек географиялық координатты білдіретін атау емес, ол халықтың дүниетанымын, тарихы мен мәдениетін бойына сіңірген күрделі мәдени-танымдық құбылыс. Маңғыстау топонимі – қазақ халқының ұлттық санасында қалыптасқан ерекше концепт ретінде танылады. Дегенмен бұл концепт қазіргі қоғамда біржақты, негізінен материалдық-экономикалық белгілермен танылып отырғаны байқалады. Алматы қаласы тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері Маңғыстау атауына қатысты ассоциациялардың негізінен «мұнай», «қара уылдырық», «ақша», «қымбатшылық», «санаторий» сияқты ұғымдарға тірелетінін көрсетті. Мұның өзі тілтұтынушылардың санасында рухани емес, сыртқы бейнеге құрылған түсініктің басым екенін аңғартады.

Алайда концептінің терең қабатында тек материалдық емес, рухани құндылықтар – тарихи сананың, аңыздық кеңістіктің, киелі жерлер мен тұлғалардың бейнесі жатуы тиіс. Маңғыстау өңірі мұндай мәдени-тарихи байлыққа кенде емес. Сондықтан бұл концептінің шынайы мазмұнын ашып, оның рухани деңгейде орнығуы үшін сол өлкені мекен еткен, тіл мен танымды, салт пен сананы қатар өрістеткен жергілікті халық пен тілдік тұлғалардың атқарар рөлі шешуші екенін мойындау қажет. Концепт – тілдің қойнауынан шыққан сана туындысы болғандықтан, оның «ұрығы» қарапайым сөйлеу тілінен бастау алып, бірте-бірте метафоралық, символикалық бейнелермен байып, ұлттық бейнеге айналады.

Сонымен қатар, өңірлік концептінің қоғамдық санада кең танылуы үшін бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе өңірлік басылымдар мен әдеби-көркем дискурстың ықпалы зор. «Маңғыстау» газетінің мақалаларындағы тілдік бірліктер мен бейнелеу тәсілдері – концепт мазмұнын қалыптастыратын құнды тілдік материалдар. Осындай дереккөздерде кездесетін сөз оралымдары, тұрақты тіркестер мен образдар – тілтұтынушылардың ассоциативтік базасын кеңейтіп, концептінің ұлт деңгейінде терең орнығуына жағдай жасайды.

Болашақта Маңғыстау концептінің мәнін толық ашу үшін оны тілдік тұрғыдан ғана емес, тарихи-мәдени, этнолингвистикалық және когнитивтік бағыттарда да кешенді зерттеу қажеттілігі туындайды. Бұл зерттеулер нәтижесінде ұлттық сананы байытып, топонимдік кеңістікте мәдени коды бар концепт ретінде орнығуына жол ашылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Голомидова М.В. Ономастикадағы жасанды номинация: монография. – Екатеринбург: УрГУ бас, 1998. – 232 б.
- 2 Суперанская А.В. Жалқы есімнің жалпы теориясы. Екінші басылым, өңделген. М.: ЛКИ баспасы. 2007. – 368 б.
- 3 Никонов В.А. Топонимикаға кіріспе. М.: Ғылым, 1965. – 179 б.
- 4 Pangereyev A.Sh., Kabylov A.D., Aldashev N.M., Umatova Z.M., Suleimenova Z.Y., Shuriyeva A.B. Epic toponyms as carriers of a linguocultural code // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2023. – Vol. 9, No. 1. – P. 13–23. – DOI: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.901002>.
- 5 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2007. – 330 б.
- 6 Shuriyeva A., Kuzembayeva G., Pangereyev A., Abisheva S., Zhetkizgenova A. Eurasian bilingual hydronyms nominations with the components "ak/kara" // XLinguae. – 2024. – Vol. 17, No. 2. – P. 16–28. – DOI: 10.18355/XL.2024.17.02.02. – ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X.
- 7 Рысберген Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері: филол.ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2010. – 262 б.

- 8 Шафиқов С.Г. Тіл біліміндегі категориялар мен тұжырымдамалар // Тіл білімінің мәселелері, 2007, № 2. Б. 3-18.
- 9 Аяпбекова А.Е., Абишов Н.У. Топонимика: монография. – Өңделген басылым. – Анкара, 2021. – 136 б.
- 10 Адилова Ж.К., Қасымова А.А. Қазақ және көне түркі топонимдік жүйесінің ортақ белгілері // Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – 2022. – № 1. – Б. 87–95.
- 11 Маслова В.А. Когнитивтік лингвистика. – Минск: ТетраСистемс, 2004. – 256 б.
- 12 Жанпейісов Е. Этнолингвистика мен лингвомәдениеттану мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2005. – 280 б.
- 13 Карасик В.И. Тілдік шеңбер: тұлға, концепт, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 б.
- 14 Shoyimova K. The study of toponyms in English linguistics // Foreign Linguistics and Linguodidactics. – 2024. – Special Issue № 3. – ISSN 2181-3701. Available at: <https://inscience.uz/index.php/foreign-linguistics>.
- 15 Урусова О.А. «Америка» концептісі // Концептілер антологиясы / ред.алқа. В.И.Карасик, И. А. Стернин. – М.: Гноз, 2007. Б. 254-268.

Материал 15.09.2025 баспаға түсті

Топонимы Мангистау и социальная ассоциация

Б.А. Кошимова¹, Ш.С. Абишева¹, А.Х. Бекбосынова², С.Г. Канапина²

¹Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова, Актау, 130000, Республика Казахстан

²Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы. Костанай, 110000, Республика Казахстан

Исследование языка в тесной связи с сознанием, мировоззрением, традициями, менталитетом, ценностями, системой мышления народа, использующих данный язык, всетаки дает большие результаты в распознавании и выделении уникальных особенностей национального языка от других языков.

В данной статье проводится анализ топонимической информации географических названий Мангистау, включающей этнокультурную и историко-мифологическую, а также лингвосоциальную информацию для выявления лингвокогнитивной основы Мангистауской топонимии.

К ценностям национального менталитета, которые легли в основу Мангистауской топонимии, относятся нравственность, умение особо вознаграждать человека, достойного уважения, жадность, кровопролитие, высокомерие, уважение к искренней любви, приравнивание предательства к смерти, признание любви матери к ребенку как великому чувству и др. Среди топонимов имена с богатым этнокультурным, лингвосоциальным, историческим содержанием становятся понятием, обязательно актуальным в сознании людей, носителей языка, лингвистов. Макроконцепт Мангистау начинается с отрицательной эмоции, затем преобладает мифологический компонент, а после в качестве доминантного имени выступает экономический компонент.

Для современного потребительского сознания географические названия являются не только земной ориентацией, но и более высокими культурными ценностями, взаимодействующие с чувствами и эмоциями. Топонимы - это этнокультурные единицы, связанные с духовной жизнью населения, имеющие несколько смысловых единиц.

Ключевые слова: топоним, лингвокогнитивная основа, концепт, сема, социальная ассоциация, эмотивы, этнокультурная единица, дискурс.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Голомидова М.В. Искусственная номинация в ономастике: монография. – Екатеринбург: Изд-во УрГУ, 1998. – 216 с.
- 2 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. Изд. 2-е, испр. - М.: Издательство ЛКИ, 2007. – 368 с.
- 3 Никонов В.А. Введение в топонимику. М.: Наука, 1965. - 179 с.
- 4 Pangereyev A.Sh., Kabylov A.D., Aldashev N.M., Umatova Z.M., Suleimenova Z.Y., Shuriyeva A.B. Epic toponyms as carriers of a linguocultural code // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2023. – Vol. 9, No. 1. – P. 13–23. – DOI: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.901002>.
- 5 Уали Н. Теоретические основы казахской словесной культуры: дисс... докт. филол. наук. - Алматы, 2007. - 330 с.
- 6 Shuriyeva A., Kuzembayeva G., Pangereyev A., Abisheva S., Zhetkizgenova A. Eurasian bilingual hydronyms nominations with the components "ak/kara" // XLinguae. – 2024. – Vol. 17, No. 2. – P. 16–28. – DOI: 10.18355/XL.2024.17.02.02. – ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X.
- 7 Рысбергенов К. Лингвокогнитивные и этнокультурные основы казахской топонимии: дис. ... докт. филол. наук. – Алматы, 2010. – 262 с.
- 8 Шафиков С.Г. Категории и концепции в языкознании // Вопросы языкознания, 2007, № 2. С. 3–18.
- 9 Аяпбекова А.Е., Абишов Н.У. Топонимика: монография. – Переработанное издание. – Анкара, 2021. – 136 с.
- 10 Адилова Ж.К., Касымова А.А. Общие признаки казахской и древнетюркской топонимической системы // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва. – 2022. – № 1. – С. 87–95.
- 11 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск: ТетраСистемс, 2004. – 256 с.
- 12 Жанпейісов Е. Вопросы этнолингвистики и лингвокультурологии. – Алматы: Ғылым, 2005. – 280 с.
- 13 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 14 Shoyimova K. The study of toponyms in English linguistics // Foreign Linguistics and Linguodidactics. – 2024. – Special Issue № 3. – ISSN 2181-3701. **Available at:** <https://inscience.uz/index.php/foreign-linguistics>.
- 15 Урусова О.А. Концепт «Америка» // Антология концептов / ред. коллегия: В.И. Карасик, И.А. Стернин. – М.: Гнозис, 2007. – С. 254–268.

Материал поступил в редакцию журнала 15.09.2025

Mangistau toponym and social association

B. Koshimova¹, Sh. Abisheva¹, A. Bekbossynova², S. Kanapina²

¹Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, 130000, Republic of Kazakhstan

²Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, 110000, Republic of Kazakhstan

The study of language in close connection with consciousness, worldview, traditions, mentality, values, and thinking systems allows for a deeper understanding of the unique features of a national language compared to others.

This article analyzes the toponymic information of Mangistau, including ethno-cultural, historical-mythological, and linguo-social aspects, to identify the linguo-cognitive basis of Mangistau toponymy. The values of the national mentality reflected in these toponyms include morality, respect for worthy individuals, greed, bloodshed, arrogance, reverence for sincere love, equating betrayal with death, and recognition of maternal love, among others.

Toponyms with rich ethno-cultural, linguo-social, and historical content become concepts that are significant in the consciousness of native speakers, linguists, and the general population. The macroconcept of Mangistau typically progresses from a negative emotion to a mythological component, followed by an economic component as the dominant element.

For modern audiences, geographical names serve not only as markers of physical orientation but also as carriers of cultural values intertwined with emotions and sentiments. Toponyms function as ethno-cultural units associated with the spiritual life of the population, encompassing multiple semantic layers.

Key words: toponym, linguocognitive basis, concept, seme, social association, emotives, ethnocultural unit, discourse.

REFERENCES

- 1 Golomidova, M.V. (1998) *Onomastikadagy jasandy nominasiia: Monografiia* [Artificial nomination in onomastics: Monograph]. Ekaterinburg. [In Russian].
- 2 Superanskaia, A.V. (2007) *Jalqy esimnin jalpy teoriiasy* [General theory of proper names]. Moscow. [In Russian].
- 3 Nikonov, V.A. (1965) *Toponymikaga kirispe* [Introduction to toponymy]. Moscow. [In Russian].
- 4 Pangereyev, A.Sh., Kabylov, A.D., Aldashev, N.M., Umatova, Z.M., Suleimenova, Z.Y. and Shuriyeva, A.B. (2023) 'Epic toponyms as carriers of a linguocultural code', *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 9(1), pp. 13–23. doi: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.901002>. [In English].
- 5 Yalı, N. (2007) *Qazaq soz madenietinin teoralyq negizderi: filol. gyl. dokt. ... diss.* [Theoretical foundations of Kazakh word culture: Philological sciences doctoral dissertation]. Almaty. [In Kazakh].
- 6 Shuriyeva, A., Kuzembayeva, G., Pangereyev, A., Abisheva, S. and Zhetkizgenova, A. (2024) 'Eurasian bilingual hydronyms nominations with the components "ak/kara"', *XLinguae*, 17(2), pp. 16–28. doi: 10.18355/XL.2024.17.02.02. [In English].
- 7 Rysbergen, Q. (2010) *Qazaq toponimiasynyń lingvokognitivtik jáne etnomádeni negizderi: filol. gyl. dokt. diss* [Linguocognitive and ethnocultural foundations of Kazakh toponymy: Philological sciences doctoral dissertation]. [In Kazakh].
- 8 Shafikov, S.G. (2007) *Til bilimindegi kategorialar men tujyrymdamalar* [Categories and concepts in linguistics]. [In Russian].
- 9 Aiapbekova, A.E. and Abishov, N.U. (2021) *Toponymika: monografiia* [Toponymy: Monograph]. Revised edition. Ankara. [In Kazakh].
- 10 Adilova, Zh.K. and Kasymova, A.A. (2022) 'Obshchie priznaki kazakhskoi i drevnetiurkskoi toponimicheskoi sistemy' [Common features of Kazakh and ancient Turkic toponymic systems], *Vestnik Evraziiskogo Natsional'nogo Universiteta imeni L.N. Gumileva* [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University], (1), pp. 87–95. [In Kazakh].
- 11 Maslova, V.A. (2004) *Kognitivti lingvısika* [Cognitive linguistics]. Minsk: Tetrasystemy. [In Russian].
- 12 Janpeiisov, E. (2005) *Etnolingvistika men lingvomádeniettany máseleleri* [Issues of ethnolinguistics and linguoculturology]. Almaty: Gylym. [In Kazakh].
- 13 Karasik, V.I. (2002) *Tildik sheńber: tulǵa, uǵymdar, diskýrs* [Language circle: personality, concepts, discourse]. Volgograd: Peremena. [In Russian].
- 14 Shoyimova, K. (2024) 'The study of toponyms in English linguistics', *Foreign Linguistics and Linguodidactics*, Special Issue 3. Available at: <https://inscience.uz/index.php/foreign-linguistics> [In English].
- 15 Urusova, O.A. (2007) '"Amerika" konseptisi' [The concept of "America"], in Karasik, V.I. and Sternin, I.A. (eds.) *Konseptiler antologiasy* [An anthology of concepts]. Moscow. [In Russian].

Received: 15.09.2025